

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Эпидемиология кафедрасы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексі. Санэпидқызмет туралы ҚР заңы. ҚР-да эпидемияға қарсы жұмыс жөнінде бұйрықтар мен нұсқаулықтар. Дәрігер-эпидемиологтың құқықтары мен міндеттері.

Орындаған: Нигметова С

Факультет: МПД11-01

Тексерген: Бейсембинова Ж.Б.

# ЖОСПАР

- ❖ Кіріспе
- ❖ Негізгі бөлім
  1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексі.
  2. Санитарлық-эпидимиологиялық қызмет туралы ҚР заңы
  3. ҚР «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттарын бекіту туралы» Заңы
  4. Дәрігер эпидемиологтың құқықтары мен міндеттері
- ❖ Қорытынды
- ❖ Пайдаланған әдебиеттер



## КІРІСПЕ

**«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР N 193-IV кодексі 2009 жылғы 18 қыркүйекте шықты. Кодекс жалпы 10 бөлім, 32 тарау, 186 баптан тұрады. «Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет туралы» ҚР 2002.12.04. N 361 Заңы 8 бөлім, 54 бапты, «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттарын бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қарашадағы N 791 Заңы 7 параграф, 45 бөлімді құрайды.**



## ▣ *Кодекстің қолданылу аясы*

1. Осы Кодекс азаматтардың денсаулық сақтауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушілерді таңдау және денсаулық сақтау субъектілерінің шығындарын өтеу;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу;



3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтер берушілерді таңдау;

4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету, эпидемиологиялық ауруларды емдеу және олардың профилактикасы үшін медициналық техниканы сатып алу;

5) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бөлігінде қолданылмайды.



# Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу негіздері

1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеуді:
  - 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
  - 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
  - 3) уәкілетті орган;
  - 4) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.



2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) медициналық, фармацевтикалық қызметті мемлекеттік бақылау және мемлекеттік санитариялық-

эпидемиологиялық қадағалау;

2) медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау;

2-1) адамның ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тіндерін, қан мен оның компоненттерін Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуді лицензиялау;

3) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу;

4) денсаулық сақтау саласындағы аттестаттау;

4-1) денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттау;



5) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу;

6) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда және шарттар талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау;

7) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық көрсетілетін қызметтердің бағаларына мемлекеттік реттеу жүргізу жолымен жүзеге асырылады.





## Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттары

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат:

- 1) азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету;
- 2) мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі;
- 3) ана мен баланы қорғау;
- 4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету;
- 5) денсаулық сақтау жүйесі қызметіндегі профилактикалық бағыттың басымдығы;
- 6) медициналық көмектің қолжетімділігі;
- 7) медициналық көмектің сапасын ұдайы арттыру;
- 8) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету;
- 9) медициналық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының қызметінің сабақтастығы;
- 10) медициналық және фармацевтикалық білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қазіргі заманғы оқыту технологияларын пайдалана отырып қамтамасыз ету;



- 11) отандық медицина мен фармацевтика ғылымын мемлекеттік қолдау, профилактика, диагностика, емдеу және медициналық оңалту, жаңа дәрілік заттар мен технологиялардың инновациялық әзірлемелері саласындағы ғылым мен техниканың озық жетістіктерін және технологияларды, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы әлемдік тәжірибені енгізу;
- 12) ерікті өтемсіз донорлықты көтермелеу;
- 13) отандық әзірленімдерді және бәсекеге қабілетті медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік қолдау;
- 14) азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын қамтамасыз етуге қоғамдық бірлестіктердің қатысуы;
- 15) денсаулық сақтаудың халықтың сұранысын, мұқтажын қанағаттандыруға және өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарлылығы;
- 16) саламатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 17) халықтың денсаулығын, дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларына жатқызу;
- 18) қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қолжетімділігін қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүргізіледі.

# САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

## **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері басқаратын және төменгілері жоғары тұрғандарына бағынышты органдар мен мекемелердің бірыңғай орталықтандырылған жүйесі болып табылады. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің басқару тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті айқындайды.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға бақылауды және кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың лауазымды адамдар мен азаматтардың санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді, санитарлық заңдарды орындауларын қадағалауды жүзеге асырады.



Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға және халықтың денсаулығына әсер ететін қолайсыз факторлардан сақтандырады, оларды айқындайды және жою шараларын жасайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен басқа да әскери құрамаларында санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуді қадағалауды Қарулы күштер мен сол әскери құрамалар қызметтері жүзеге асырады. Олардың Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен өзара іс-қимылының тәртібі қолданылып жүрген заңдар мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің нормативтік құжаттарымен айқындалады.



# Мемлекеттік санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесі

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің бірыңғай жүйесіне:

- 1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган;
- 2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері;
- 3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар кіреді.



# Мемлекеттік санитарлық- эпидемиологиялық қызметтің міндеттері

- Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет:
  1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;
  2. мемлекеттік органдардың қарауына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді ұсынады;
  3. санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге қатысты мемлекеттік бағдарламаларды жасауға қатысады;
  4. санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бекітеді;



5. санитарлық-эпидемиологиялық сақтандыруды (мониторингті) жүзеге асырады, есеп пен статистика жүргізеді;

6. гигиеналық оқыту өткізеді және салауатты өмір салтын насихаттайды;

санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды ұйымдастырады;

7. жобалау нормаларын, мемлекеттік стандарттарды, бақылау әдістерін, оқу бағдарламаларын, оқу-еңбек жүктемелерін, балалардың мектеп жасына дейінгі балалар және жеткіншектер мекемелерінде, мектептерде, жоғары және орта оқу орындарында болуы мен оқу режимі жағдайларын келіседі;

8. гигиеналық және эпидемиологиялық бағыттары институттардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіреді;

9. халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге қатысты басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.



## □ Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтегі лауазымды адамдардың міндеттері

□ Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің лауазымды адамдары:

1. министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, лауазымды адамдардың, азаматтардың, санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтауына Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;
2. санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуі, санитарлық заңдардың бұзылуы жайында орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына хабардар етіп отыруға;
3. кәсіптік уланулар мен аурулардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болу себептері мен жағдайларын айқындауға және талдауға;
4. жұқпалы және паразиттік аурулардың ошақтарында санитарлық-эпидемиологиялық қарсы шараларды ұйымдастыруға;
5. халықты ұжымдық иммунитеттеуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды орындауға бақылау жасауды жүзеге асыру;
6. айналадағы ортаның санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы және оның адам денсаулығына әсері туралы қолданылып жүрген санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтер туралы халықты хабардар етіп отыруға;
7. халықтың жекелеген топтарын гигиеналық оқуға тартып, кейіннен аттестаттау өткізіп отыруға;
8. медициналық және гигиеналық білімдерді тарату, салауатты өмір салтын қалыптастыру ісіне қатысуға міндетті.





# Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының құқықты пайдалану міндеттілігі

- Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары осы Заңның 15-бабында көрсетілген құқықты мынандай жағдайда:
  1. зиянды заттардың шоғырлануы рұқсат етілген шектегі нормативтерден, физикалық факторлардың әсер ету деңгейінен асып кеткенде;
  2. объектілерді пайдалануға беру жаңа технологиялық процестерді, құрал-жабдықтарды, материалдар мен заттарды қолдануға енгізу санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бұзып, не Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің келісімінсіз жүргізілгенде;
  3. кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бұзғанда қолдануға міндетті.
  4. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.
  5. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арыз Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жіберіледі.
  6. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуына немесе оны тоқтата тұруына карантиндік, аса қауіпті, жұқпалы, паразиттік және кәсіби аурулардың таралу қаупі анық туындаған кездегі ерекше жағдайларда жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

## ▣ Санитарлық-эпидемиологиялық қызметі дәрігері (немесе маманы)

- ▣ *Лауазымдық міндеттері.* Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілеріне мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады. Қоршаған ортаның факторларын бақылаудың және инфекциялық және паразитарлық аурулар диагностикасының заманауи зертханалық және аспаптық әдістерін қолдана отырып объектілерге тексеру жүргізеді. Адамның өмір сүру ортасы объектілеріне зертханалық-аспаптық зерттеу жүргізуді ұйымдастырады. Инфекциялық және инфекциялық емес аурулар мәліметтерін тіркеуді және статистикалық өңдеуді қамтамасыз етеді, профилактикалық егуді жүргізуді жоспарлауға және бақылауға қатысады. Санитариялық-эпидемиологиялық және эпидемияға қарсы (профилактикалық) шараларды жүргізуді ұйымдастырады. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды талдаудың заманауи әдістерін қолданады, халықтың денсаулық жағдайына әсер ететін негізгі факторларды анықтайды, ауру профилактикасының басым бағыттарын анықтайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.



- *Білуі керек:* Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, денсаулық сақтау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, микробиологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық физикалық факторларды зерттеу және өлшеу әдістерін, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, халық үшін санитариялық ағартуды, гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.
- Біліктілікке қойылатын талаптар: Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі жоғары медициналық білімнің болуы.



## □ Қоғамдық денсаулық сақтау дәрігері (немесе маманы) (валеолог, эпидемиолог, статистик, әдіскер)

- *Лауазымдық міндеттері.* Халық денсаулығының демографиялық көрсеткіштерін есептейді және бағалайды. Халыққа көрсетілетін медициналық көмектің көлемін, түрін және нысанын талдайды. Медициналық көмектің көптеген түрлерін дамытуды жоспарлайды. Халық арасында инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың пайда болу және таралу себептері мен қауіп факторларын бағалайды. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды, ауруға ағымдық және ретроспективті эпидемиологиялық талдауды әзірлейді және жүргізеді. Халық (қоғам) денсаулығын сақтауға және нығайтуға арналған әлеуметтік-профилактикалық бағыттылықты анықтайды. Оқу-тәрбиелік өмір сүру ортасының факторларының әсеріне байланысты балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы мен денесінің дамуын бағалайды. Халық денсаулығы жағдайына әсер ететін негізгі факторларды анықтайды, ауру профилактикасының басым бағыттарын белгілейді, халық арасында профилактикалық шаралардың жүргізілуін ұйымдастырады. Сауықтыру шараларын әзірлейді және жүргізеді, салауатты өмір салтын сақтауды, дұрыс тамақтануды насихаттайды. Денсаулық сақтау ұйымы қызметінің соңғы нәтижелерін бағалайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.



□ **Білуі керек:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, Қазақстан Респбликасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтаудағы статистикалық және әдістемелік талдау әдістерін, таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік қызметінің принциптерін (ұйымдастырушылық, кеңес берушілік, профилактикалық), әлеуметтік гигиенаның теориялық негізін, денсаулық сақтаудағы басқару жүйелерін; халық денсаулығы туралы статистиканы, халық денсаулығы жағдайын бағалайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, статистикалық талдау әдістемелерін және әлеуметтік зерттеу әдістерін, нарықтағы медициналық қызмет конъюнктурасын, денсаулық сақтау саласының құрылымы мен негізгі принциптерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Жоғары медициналық білімінің («Емдеу ісі», «Педиатрия», «Жалпы медицина», «Шығыс медицинасы», «Стоматология», «Медициналық-биологиялық іс», «Мейіргер ісі» мамандықтары бойынша және «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша қайта даярлық) немесе жоғары медициналық білімінің («Қоғамдық денсаулық сақтау», «Медициналық-профилактикалық іс» мамандықтары бойынша) болуы.



## ҚОРЫТЫНДЫ

- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесіне арналған заңдар барлық медицина саласын толық қамтиды. Жоғарыда аталып өткен заңдарда көрсетілген құқықтар мен міндеттерді іске асыру басты мақсат.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ▣ **«Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттарын бекіту туралы ҚР Заңы 2009 жылғы 26 қарашадағы N 791**
- ▣ **«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР N 193-IV кодексі 2009 жылғы 18 қыркүйек**
- ▣ **«Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет туралы» ҚР 2002.12.04. N 361 Заңы**

